



ТІЛ ТАРИХЫ: КІРІСПЕ

Мемлекеттік тіл





Тіл ұлттың тіліне қалай айналады? Бұл, әрине, адамның болмысына қарағанда, адам бір мұқтаж жан, ешқашан бір өзі, бір істі бітіріп, мәселен ойлаған арманына жете алмайды. Биологиялық тұрғыдан қарағанда, адам бір қоғамдық айуан. Қоғамдық айуан деп филологияда айтылатын себебі, адам қоғаммен, топпен өмір сүреді. Адамға жаратылысынан екі үлкен қоғамдық қауіп төніп тұрады. Бірінші қауіп табиғаттан, екінші қауіп нәпсіден. Сол үшін екі жаудан қорғану үшін, адам топтасып өмір сүруге мәжбүр болады. Мәселен, бұрынғы ежелгі дәуірде миллион жыл өтті ме, миллиард жыл өтті ме, одан кейін қалай дамыды, кейін қазіргі өміріміз зерттеулер бойынша Гильгамештің жазған алғашқы дастандарын еске алсақ, сол дәуірлерден басталады.

Гильгамеш – Шумердегі Урук қаласының басқарушысы. Ежелгі шығыс әдебиетіндегі ең атақты шумер аңызы мен аккад эпосының басты кейіпкері.

Кейін мысырлардың, ирандықтардың, түркілердің тарихи ескерткіші табылғаннан бері, сол дәуір адамзаты үлкен қауымдастыққа айналған. Бұл қауіп қатерден қорғану үшін әрбір қоғамдық ортада қай жерде табиғаттың бізге жасайтын жамандығы көп болса, сол жерде адамдар топтасуға мәжбүр болады. Ал қай жерде қауіп аз төнсе, ондай жерлерде топтасу азырақ болады. Осы тұрғыдан алғанда, азаматтардың топтасу, қауымдасуы бір деңгейге жетуі, мәселен, табиғаттан төнетін қауіп-қатерден және нәпсіден сақтау керек.

Нәпсі – адамның бойындағы бір қасиетке үстемдік жүргізуі. Үстем сана, яғни ешқашан адам бір-біріне үстемдік жүргізуді тоқтатпайды. Қазақтың «Кедей бай болғысы келеді, бай құдай болғысы келеді» деген мақалы бар. Осы тұрғыдан қарайтын болсақ, жауыздық деген адамның шегіне жетеді. Бойындағы дүниеқорлық оны бәсекеге жетелейді. Бәсекенің екі түрі бар. Бірі болымды түрі, екіншісі болымсыз түрі. Егер болымды түрі болса, жақсы. Адам бір-бірімен бәсекелескенде, қоғам қоғаммен, алға жылжуға, дамуға мүмкіндік туады. Бәсеке зорлыққа келгенде, ол қырғынға ұшыратады. Бұрынғы дәуірлерде, мәселен адамзат тарихында, қауымдастықтар, соның төңірегіндегі шабуылшы топ қанша көп болса, қауымдастық сонша үлкеюге мәжбүр болады. Түркі тарихына зер салатын болсақ, түркі тайпалары өте үлкен қауымдастықтар болған. Мәселен, ғұндар, сақтар бәрі де үлкен қауымдастықтар болған.

Сақтар – б.з.б. 1-мыңжылдықта Орта Азия мен Қазақстан, Шығыс Түркістан аумағын мекендеген ежелгі тайпа. Олардың қуатты тайпалық одақтарын массагеттер, исседондар, аландар, каспийлер, сарматтардан құрған.

Ғұндар – тәңіршілдік дінді ұстанып, түркі жазуын пайдаланған, сөйлеу тілі де түркі тілі болған көшпелі халық.

Мұндай үлкен қауымдастықтар кейін түркі қағанатының негізін қалаған. Ол түркі қағанаты бір үлкен елдік сипат алады. Кейін XVII–XVIII ғасырларда ұлт деген ең ірі қауымдастықты, өзін қорғай алатын қауымдастықты ұлт деп атады. Мәселен, бір ұлттың шет елдің шабуылынан өзін қорғай білетін деңгейге топтасуы бір ұлт болады.

Сонда ұлт болу үшін, біркелкі психология болу қажет, бір ұстаным болуы керек, бір жеке болуы керек. Сол үшін оны ұлттық құндылықтар дейді. Әрбір ұлттың бірлігін қамтамасыз ететін тірегі болады. Ол тіректі анықтаған қазір үш тірек бар, оның бірі тіл, психологиялық тұрғыдан адамдардың сол қауымдастықтың, ұлт не ұлыстың біркелкі психологиясын қалыптастыруын қамтамасыз етеді. Егер бір ұлттың бірлігін, одақтасуын жою үшін, біріншіден оның тілін жою керек. Себебі тіл адамдардың бір-бірімен жақсы түсінісіп, бір тіл біркелкі психологияның қалыптасуына әсер етеді.

Қазақ тілінде «Айналайын» деген сөз бар. Ал «Айналайын» деген үлкен сүйіспеншілік ұғым. Бір тілді жою үшін ол мемлекетте неше тіл жасау керек, сонда адамдар бір тілде емес, көп тілде сөйлесе, олар бір-бірінен алыстайды. Ұлттың бірқалыпты, бір ұлтты қамтамасыз ету үшін бір тіл керек.

Үндістердің тайпалары бірігіп, бір ұлттық деңгейде топтасып, қауымдасуға әртүрлі себептермен өресі жеткен жоқ. Тарих деген ешкімге аянышпен қарамайды. Мәселен, үндістер сыртқы ақ нәсілдердің шабуылына төтеп беретін тетіктерін таба алмады ма, ол жойылады. Үндістер өзінің ұлттық бірлігін қамтамасыз ететін тіл ме, дін бе, соны қамтамасыз ете алған жоқ. Сол үшін ол тайпалық деңгейден ұлттық деңгейге көтерілмей қалды. Әр ұлттың бір азаматқа, менің болмысыма, менің келешегіме, мәселен менің кодым – ұлт. Ол қазақ па, орыс па, мәселе онда емес, ұлт – код, ол бірліктің коды, одақтасудың қолы. Әрбір азамат менің өмірім ұлттың



тағдырына байланысты дегенді сезіну керек. Оны сездіре алмаса, ұлттық деңгейге көтеріле алмайды. Ақ нәсілділер үндістерге шабуыл жасап жүргенде, оның жеңу жолдарын іздестіргенде, «бұлардың қайтпас жауынгер батырлары бар, соларды тауып, жойсақ, тұтқындасақ, олардың абыройын төмендетсек, онда оның тобы да жойылады» деп, батырларын бірінші тұтқындаған екен. Ұлттық психология тұрғысынан оларды қорлау.

Сондай қайраткердің бірі «Мен үндістердің соңғы жоқтаушысымын, мен өлгеннен кейін үндістер тірі өлікке айналады» деп айтқан екен, яғни олар мемлекетте ешқандай шешуші орын алмаған. Американың солтүстігінде, сондай 7-8 млн өзімен-өзі өмір сүріп жатқан үндістер бар екен. Олардың әлемдік өркениетте, мемлекеттік деңгейдегі шешуші мәселелерде ешқандай рөлі болмайды. Ал Американың өзінде сол жері өзінің жергілікті жері болса да, кейін тірі өлікке айналып, ақ нәсілділердің билігімен өмір сүріп жатыр. Сол жерде ағылшын тілінде сөйлеуге мәжбүр болып жүр. Себебі ағылшын тілі – тіршілік тілі, экономика тілі, саяси әлемдік аренаға шығу тілі, сондықтан оны дәріптеу де қажет емес. Тек қана Америка емес, бүкіл әлемде америкалықтардың экономикалық күшімен осы күйінде әрі қарай жалғасса, әрине ағылшын тілін үйренуге барлық адам ұмтылады. Себебі ағылшын тілі экономика арқылы саяси аренаға шығуға ең керекті құрал болып тұр.

Азаматтың қорғаны – ұлт. Санасы оянған ұлт дамиды, өсуімен қатар азаматына мақтанш болады. Ал ұлттың тірегі – мемлекет. Мемлекеттің күштілігі, ұлттың күштілігі. Демек азамат ұлтқа бағынышты, ұлт мемлекетке бағынышты. Егер осы үш ұғым бірлігін сақтау керек болса, ол үшін ортақ мүдде керек. Ортақ мүдденің руханиятына, мәдениетіне ұғымына, түсінігіне, сезіміне, санасына қызмет жасайтын ең басты құрал дін мен діл. Мәселен, қазақтың мақал-мәтелдері, жоқтауы, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, ауыз әдебиеті барлығы ұлт бірлігіне қызмет жасайтын факторлар.

Бір тіл нақты мақсат үшін ұлттың тіліне айналады. Қазақтың тілі, түркінің тілі деген тіл, егер ұлттың күшеюіне, бірігуіне қызмет жасай алмаса, дін сол қызметті атқара алмаса, әрине ол ұлттық құндылыққа айнала алмайды. Тіл де, дін де, салт-дәстүр бәрінің мақсаты ұлттың бірлігін қамтамасыз ету ұлттың алауыздығын тоқтату, одақтасуға әрқашан тартып отыру, сол міндетін атқарған кезде тіл өзінің табиғатындағы міндетін атқарады. Ұлт бар жерде, азамат бар. Елдердің ішінде «Алла тағала адамды ұлтсыздықтан, отансыздықтан, дінсіздіктен сақтасын» деген сөз бар. Демек, ұлт жоқ жерде, мемлекет жоқ жерде, дін жоқ жерде, адам бір сергелдең жанға айналады. Не үшін дүниеге келгенін, не үшін өмір сүріп жатқанын білмейді. Қорғансыз қалғандай сезінеді. Сол үшін ұлт қорғаны азамат үшін, ал мемлекет қорғаны ұлт үшін өте маңызды. Тіл де үш фактордың бірі ретінде, ұлттық тіл ретінде қолданысқа енуі әрбір азаматтың еңсесінің көтеріңкі болуына қызмет жасайды. Әлсіз ұлтты күшейтетін өзге ұлт өкілі емес, әр ұлттың өз азаматы. Әр азамат, өзінің ұлтының биіктенуіне қызмет жасайды. Биікке көтерілген ұлт өз азаматына қызмет жасайды. Тілдің ұлттық тілге айналуы біріншіден, қауымның психологиялық біркелкі мінез қалыптасуына қызмет жасайды, саяси тұрғыдан ұлт бірлігін қамтамасыз етеді.

Ұлт арқылы әлем өркениетке қызмет жасайды. Қанша ғасыр, қанша жыл өтсе де, әлемде адамзат өркениеті ұлттардың бір-бірімен ықпалдастығынан пайда болады. Содан бір-бірінің арасында бәсеке пайда болады. Бәсеке жоқ жерде алға жылжу болмайды. Құранда «Адам баласы бір-бірімен бәсекеге түсуі үшін ұлт, ұлыстарға бөлініп жаратылған» деп жазылған. Бәсеке адамзат өркениетінің пайда болуына үлкен ықпал жасайды. Бәсеке кезінде жеңіліс тапқан адамда жауыздық деген пайда болады. Гитлер, Сталин заманында фашистік әрекеттерден қаншама миллиондаған адамдар қырылды. Олар өздерінің бәсекеге қабілетсіздігінен зардап шеккен.

Адольф Гитлер (1889–1945) – үшінші рейх тоталитарлық диктатурасының негізін қалаушы, ұлттық социализмнің орталық тұлғасы, Германия фюрері, екінші дүниежүзілік соғыста Германия қарулы күштерінің бас қолбасшысы.

Сталин Иосиф Виссарионович (1878/1879–1953) – кеңестік мемлекеттік, саяси және әскери қайраткері. Кеңес Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитетінің бас хатшысы, Кеңестік Үкіметінің басқарушысы Кеңес Одағы Генералиссимусы (1945).

Бұл заманда басқа ұлттардың бәсекеде жоғары деңгейге көтеріліп бара жатқан жерлерінен, алға жылжуын жойып отырды. Адамның өзінің бойында бір жауыздық жатыр, ол дүние-



қорлық. Дүниеқорлық оны күншілдікке жетелейді. Фашистік, сталинистік идеялар солардың дүниеқорлығынан пайда болып, адамзатты қанға бөлеген.

Тіл – ұлттық қауымдастықтың ынтымағына қызмет жасайтын басты фактор.